

Оқу дайындығын анықтайтын тест
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

Сыни ойлау

1. Берілген 4 жауап нұсқасынан 1 дұрыс жауапты таңдау.
($x+3$) саны үшке еселі. Егер x оң сан болса, төмендегі сандардың қайсысы үшке еселі емес екенін табу керек.
A) $2x+3$
B) $3x+7$
C) $2x+9$
D) $5x+3$
2. Берілген 4 жауап нұсқасынан 1 дұрыс жауапты таңдау.
Егер $x/y=5$ болса, $25y/x$ өрнегінің мәні _____ тең болады.
A) 5
B) 30
C) $1/5$
D) 75
3. Берілген 4 жауап нұсқасынан 1 дұрыс жауапты таңдау.
 a мен b бүтін сандар, $5 < b < 13$ және $\frac{a}{b} = \frac{2}{3}$ болса, a қанша бүтін сан қабылдай алатынын анықтау керек.
A) екі
B) бес
C) бір
D) үш
4. Топтағы балаларға бірдей мөлшерде 90 қарындаш және 60 қалам таратылып берілген болса, топтағы балалар саны қанша екен.
A) 6
B) 30
C) 59
D) 26
E) 25

5. Бала өз машиналарына 5 және 7 цифрларынан тұратын 3 орынды нөмерлер жапсырып жатыр. Нөмірлер бірдей болмауы керек. Сол кезде оның бір машинасына нөмер жетіспей қалды. Балада қанша машина бар екенін табу керек.

- A) 6
- B) 120
- C) 10
- D) 9
- E) 8

6. Екі достың үйлерінің арақашықтығы – 10м. Ал олардың хат-жәшіктері үйлерінің ортасында және өз үйлерінен 2м жерде орналасқан. Әр баланың өз үйінен өз хат-жәшігіне дейінгі жол өз үйінен досының үйіне дейінгі жолдың неше бөлігі екенін табу керек.

- A) 4/10
- B) 4/5
- C) 1/3
- D) 1/5
- E) 3/5

7. Екі достың үйінің арақашықтығы – 10м. Олардың хат-жәшіктері екеуінің үйлерінің ортасында және өз үйлерінен 2м жерде орналасқан. Әрқайсысының өз үйінен досының хат-жәшігіне дейінгі жол өз үйінен досының үйіне дейінгі жолдың неше бөлігі екенін табу керек.

- A) 3/5
- B) 1/5
- C) 4/5
- D) 1/3
- E) 4/10

8. Рационал (Q), иррационал (I) және нақты (R) сандар үшін дұрыс қатынасты анықтау керек

- A) $Q \cup R = I$
- B) $I \subset R$
- C) $I \subset Q$
- D) $R \subset Q$
- E) $Q \subset I$

9. Рационал санды табу керек

- A) $-\frac{7}{15}$
- B) $2-5i$
- C) $\sqrt{2}$
- D) $\pi=3,14\dots$
- E) $e=2,718\dots$


10. Рационал санды табу керек

- A) $\sqrt{2}$
- B) $0,(3)$
- C) $e=2,718\dots$
- D) $\pi=3,14\dots$
- E) $2-5i$

11. Атай жинақ кассасына 95000 теңге ақша салып, бір жылдан соң одан 104500 теңге алды. Атай жинақ кассасына салған ақшасын неше проценттік өсіммен алғанын табыңыз.

- A) 9 %
- B) 7%
- C) 11%
- D) 14%
- E) 10%

12. Дөңгелектің қызыл бөлігінің градусық өлшемі 225° . Қөкпен боялған бөлігі дөңгелектің қандай бөлігін береді?



- A) $\frac{1}{4}$
- B) $\frac{3}{8}$
- C) $\frac{1}{3}$
- D) $\frac{5}{8}$
- E) $\frac{5}{9}$

13. Инвестор қаңтар айында №1 компанияның 50 акциясын және №2 компанияның 100 акциясын сатып алып, қазан айында барлық акцияларын қайта сатқанда, ол _____ пайда көрді.



- A) 70 000 ТГ
- B) 60 000 ТГ
- C) 55 000 ТГ
- D) 65 000 ТГ
- E) 75 000 ТГ


14. Сызбада екі компанияның акция бағаларының өзгерісі берілген. Инвестор екі компания акцияларын бірдей бағаға сатып алатын мезгілді анықтау керек.



- A) ақпанның соңында және тамыздың ортасыда
- B) қаңтардың соңында және сәуірдің басында
- C) сәуірдің соңында және тамыздың ортасыда
- D) маусымның соңында және тамыздың басында
- E) шілденің соңында және тамыздың басында

15. Кестенің диаграммалық кескіні берілген:

№№	Атауы	Саны (мың)
1	Сүт қоректілер	4
2	Құстар	8,6
3	Бауырымен жорғалаушылар	6
4	Қос мекенділер	3,4
5	Балықтар	20
	Барлығы	42



Балықтарға сәйкес келетін бөліктің градусық өлшемі қандай?

- A) 162°
- B) 150°
- C) 171°
- D) 134°
- E) 195°

Аналитикалық ойлау

16. Көне түріктердің түсінігі бойынша, бұл Дүние жоқтан бұрын пайда болған. Оны ұстаға ұқсайтын Жаратқан тудырды. Дүние негізінен: жер, су, от, ... тұрады.

Жоғарыдағы төрт стихияның қайсысы жасырын тұр:

- A) ауа
- B) күн
- C) топырақ
- D) жарық
- E) табиғат

17. Ежелгі грек ойшылы Фалеске берілген сұрақтардан мынандай жауаптар алыныпты. Бәрінен де жасы үлкен кім? – Құдай, өйткені ол тумаған. Бәрінен де не үлкен? – Кеңістік, өйткені ол бүкіл Дүниені қамтиды. Не нәрсе ең әсем? – Дүние, өйткені әсемдіктің бәрі оның құрамында. Ең дана не? – Уақыт, ол бәрін тудырды, тағы да тудырады. Барлыққа ортақ не? –

Жоғарыда берілген мәтіндегі ойды аяқтаңыз.

- A) көрік
- B) байлық
- C) денсаулық
- D) даналық
- E) үміт

18. «Қайсыбір философияның бастауында ... , дамуында - зерттеулер, соңында - білместік жатыр». (М. Монтень)

Жоғарыдағы ойды сабақтай отырып, кезінде Аристотель айтып кеткен философияның бастуында не тұрғандығын ойланыңыз.

- A) қайғы
- B) қорқыныш
- C) еліктеушілік
- D) таңғалушылық
- E) қуаныш

19. Николай Коперниктің «Аспан аумағының айналмалылығы туралы» деген басты еңбегінде байырғы Антика дәуіріндегі Аристарх Самосскийдің (б.э.б. 3 ғ.) гелиоцентризм идеясы қайтадан қолға алынып, жаңғыртылып, ғылыми ақиқат тұрғысынан дәйектеледі. Аристотельдік-Птолемейлік геоцентрлік жүйе жоққа шығарылады да, осы мәселе жөніндегі әлем мен адам туралы діни-теологиялық түсініктер терістеледі. Осы гелиоцентрлік жүйе кейіннен ғылым дамуы тарихында «коперниктік бетбұрыс» деп аталды.

Гелиоцентризм ұғымының не екендігін айқындаңыз.

- A) дүниеде екі негізгі субстанция бар
- B) дүниені бір ғана негіз бар деп түсіну
- C) әлемнің орталығы - Күн екендігін тұжырымдау
- D) әлемнің орталығы адам деп түсіну
- E) бұндай ағым жоқ

20. Зерттеу объектілерінің бірлігі бірнеше дәстүрлі жаратылыстық ғылымдардың тоғысуынан шығатын жаңа пәнаралық ғылымдардың пайда болуына әкеледі. Пәнаралық ғылымдар - бірнеше жаратылыстану ғылымдарының қиылысында тұрған жаңа ғылымдар.

Төменде берілген жауаптардың ішінен пәнаралық ғылымға тиесіліні көрсетіңіз.

- A) математика
- B) биофизика
- C) биология
- D) химия
- E) физиология

21. Ойлау жүйесінде кез-келген ұғым белгілерінің сипатына қарай әдетте: оң және теріс болып бөлінеді. Оң деп нәрседе қандай да бір сапаның болуын көрсететін ұғымды атайды. Теріс деп нәрседе сол немесе басқа сапаның болмауын көрсететін ұғымды атайды.

Төменде келтірілген ұғымдардың қайсысы белгі сипатына қарай теріс болып табылады?

- A) сауатты заңгер
- B) парасаттылық
- C) адам
- D) бейболмыс
- E) сараңдық

22. Болмыс жайындағы ой пікірлер дүниеде бар болып отырғанның бәріне (сущее) ортақ негіз туралы түсініктің тууына алып келді, ал бұл философияда субстанция категориясын тудырады. Субстанция толып жатқан нақты заттардың, құбылыстардың, үрдістер мен оқиғалардың көп түрлілігінің ішкі бірлігін білдіреді.

Мәтіннің мағынасына қарай отырып субстанция ұғымының мәнін айқындаңыз:

- A) орта мән
- B) жоғары мән
- C) соңғы мән
- D) бастапқы мән
- E) төмен мән

23. Онтология – болмыстың мәні туралы ілім. Онтология – адам туралы ілім. Онтология – өмір туралы ілім. Онтология – табиғат туралы ілім. Онтология – құдай туралы ілім.

Дұрыс жауабын көрсетіңіз:

- A) болмыстың мәні туралы ілім
- B) құдай туралы ілім
- C) өмір туралы ілім
- D) табиғат туралы ілім
- E) адам туралы ілім

24. «Егер сен ойлаудан басталатын ғылым нағыз ғылым болады деп есептейтін болсаң, онда мен сенімен келісе алмаймын. Оны жоққа шығарудың бірнеше себептері бар, оның ең бастысы ойдағы пайымдауларда тәжірибе жоқ, ал онсыз ешқандай шындық жоқ», - деп есептеді Леонардо да Винчи.

Жоғарыда айтылған қағида қай философиялық бағытты қолдайтындығын көрсетіңіз:

- A) сенсуализм
- B) идеализм
- C) эмпиризм
- D) материализм
- E) рационализм

25. Неміс ағартушысы Г.Лессинг «Егер Құдай мені өзіне шақырып, бір қолымда Дүние жөніндегі толық ақиқат, екіншісінде – ақиқатқа деген іңкәр бар. Қайсысын таңдап аласың?»- десе, мен «О жаратқан, бүкіл ақиқаттың иесі – сенсің, маған тек сол ақиқатқа іңкәрлікті берсеңіз болғаны»,- дейді.

Осы көркем сөзбен берілген ойда не туралы айтылып тұр және автор нені таңдап алды?

- A) телеология
- B) теология
- C) мифология
- D) фатализм
- E) философия

26. Француз ағартушысы Д.Дидро айтқанындай «Ең тамаша ойшылдар философиямен ғасырлар бойы айналысты. Бірақ соған қарамастан онда бірде-бір дау туғызбайтын пікір жоқ».

Неге олай?

- A) философияда үнемі пікір қайшылығы болады, сол арқылы ақиқатқа жетуді көздейді.
- B) философия дегеніміз-дау туғызбайтын пікірлер.
- C) философияда тек бір ғана пікір қарастырылады, басқа пікірге орын жоқ.
- D) философия турасында жоғарыдағы ойшыл дұрыс айтпаған.
- E) философиямен айналысқан ойшылдардың тамаша болмағандығы себепті.

27. Неміс классикалық философиясының шыңы болып табылатын Г. Гегель «Барлық шындық ақылға сияды. Барлық ақылға сиятын – шындық» деген болатын.

Осы қағиданың жұмбақ сырын ашып, оның өмірде қандай көрініс табатынын айтыңыз.

- A) дүниеде бардың бәрі ақылға сияды
- B) дүниеде бардың бәрі ақылға сия бермейді, өмірде бардың бәрі шындық емес
- C) дүние дегеніміз шындық емес
- D) дүниеде бардың бәрі шындық
- E) дүниеде бардың бәрі ақылға сияды, өмірде бардың бәрі шындық

28. Көлемі бойынша ұғымдар жалқы және жалпы болып бөлінеді. Жеке деп көлемі жалғыз, дара элементтен тұратын ұғымдарды («бірінші ғарышкер», «екінші дүниежүзілік соғыс», т.б.) айтамыз. Жалпы деп көлеміне кем дегенде бірден артық элемент кіретін ұғымды атайды («ғарышкер», «мемлекет», «қылмыскер» және т.б.).

Берілген жауаптардың ішінен көлемі бойынша жалқы ұғымды көрсетіңіз.

- A) Австралия
- B) материк
- C) теңіз
- D) кітап
- E) қала

29. Дүниеге көзқарастың келесі бір мифтен кейінгі қалыптасқан түрі – дін. Қазіргі кездегі бір ғана құдайға сенетін монотеистік діннің пайда болуына дейін оның бастапқы нышандары осыдан жүздеген мың жылдар бұрын қалыптасқан. Оларды алғашқы діни сенімдер деп атайды: тотемизм, фетишизм, анимизм, магия, политеизм т.б.

Төменде берілген жауаптардың ішінен белгілі бір халықтың немесе этностың шығу тегін хайуанаттармен немесе өсімдіктермен туыстық байланыста қарастыруының ғылыми атауын табыңыз.

- A) магия
- B) тотемизм
- C) анимизм
- D) политеизм
- E) фетишизм

30. Верификация - ғылыми тұжырымдардың ақиқаттылығын оларды эмпирикалық тексерудің нәтижесінде анықтауды білдіретін методологиялық ұғым. К. Поппер верификациялау принципінің орнына фальсификациялау принципіні алға қояды. Жүйенің фальсификациялануы – бұл теориялық жүйені қолдау не ақтау формасы емес, оны жоққа шығару принципі. «Бұл ұнтақ тұз болып табылады» деген тұжырымды, оның дәмін татып көрсек болғаны немесе «үстелдің астында мысық отыр» деген тұжырымды үстелдің астына қарап-ақ тексере аламыз.

Осы мысалдың жоғарыдағы қай принципке тиесілі екендігін анықтаңыз:

- A) дедукция
- B) индукция
- C) верификация
- D) фальсификация
- E) демаркация

Оқу дайындығын анықтайтын тест аяқталды